

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті

Кафедра:Балалар хирургиясы

Тақырыбы: Балалар хирургиясындағы лапароскопия



Орындаған:
Тобы:
Курс:
Факультет:
Қабылдаған:

Алматы 2016 жыл

Жоспар

- Кіріспе

Лапароскопияның анықтамасы

- Негізгі бөлім

Лапароскопияға дайындық

Лапароскопияны өткізу

Лапароскопияның көрсеткіштері

Лапароскопияның қарсы көрсеткіштері

- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер




Лапароскопия бұл ішастар және оның ағзаларын ішастардың қабырғасын тесу арқылы эндоскоппен көру әдісі.

Лапароскопия теріні, бұлшық еттерді, тіндерді үлкен етіп кесуді талап етпейді, бұл әдіс тек қана тесік арқыл жасалады.

Балаларда лапароскопия тек он жыл бұрын жасалына бастады.

Лапароскопиялық хирургияның негізгі құралы - лапароскоп, өзінің линзсы бар телескопиялық трубкасы болады, видеокамераға жалғасқан.



Лапароскоп арқылы көптеген ағзалардың суреттері экранға шығып көрсетіліп тұрады, осылай операция визуальды жасалынады. Қазіргі жаңа этаптардың бірі минилапароскопия. Бұл әдісті тек кіндік аймағынан бір рет тесік жасау арқылы жасайды. Бұл әдісте травмалар, ауру сезімі аз болады, және жақсы косметикалық эффект береді.



Лапароскопияға дайындық

Операция алдында науқасқа жансыздандыру дәрілерін салады. Одан кейін квалифицирленген анестезиолог жалпы наркоз жасайды. Операция кезінде бәрі арнайы приборлар арқылы қадағылынады. Науқастың бүкіл іші антисептикалық ерітінділермен өңделеді, себебі бактерия және басқада микроорганизмдер жараға түспес үшін.



Операция көмірқышқыл газы салынған ішастардың үлкейген көлемдері салынады, ішкі ағзаларды жақсы көру үшін. Содан кейін кіндік арқылы кішкентай тесік жасап, арнайы инені енгізеді. Ішастардағы газдың қысымы белгілі бір дәрежеге жеткенде хирург лапароскопты енгізеді. Операциядан кейін бір тәулікке қалуға ұсынылады.

Лапароскопияны өткізу

Лапроскопиялық операциялар жалпы наркоз арқылы жасалады. Операцияның созылуы бір сағаттан аспайды. Лапроскопияны жасау үшін үш кішігірім тесік жасалады (5-10 мм) алдыңғы ішастар қабырғасына. Бұл тесіктің кесуден айырмашылығы бұлшықеттерді тіндерді жарақаттамайды және науқаста операциядан кейін ауру сезімі болмайды, бір аптадан кейін науқас ауруханадан шығады.





Ішастардың қабырғасын тесу троакормен жасалынады, яғни арнайы трубкамен. Ол арқылы көмір қышқыл газын жібереді, ішастарға көлем беру үшін, яғни ішастарды көтеру үшін. Одан кейін троакор арқылы телескоп енгізіледі, үлкен көлемде ішастардағы ағзалардың бейнелерін экранда көру үшін телескоптың басына арнайы видеокамера және жарық беретін шамын қоямыз. Қалған екі троакор арқылы ішастарға микроманипуляторлар енгізіледі, лапроскопия жасау үшін.

Лапароскопияның көрсеткіштері

- Ішастардағы жедел хирургиялық зақымданулар байқалғанда
- Жедел және созылмалы іш жарақаттарында
- Созылмалы ЖКТ кезіндегі диагнозды анықтау үшін
- Биопсия кезіндегі қажеттілік үшін

Лапароскопияның қарсы көрсеткіштері

- Абсолюттік қарсы көрсеткіштеріне жатады: кома, агония, агония алды, жүрек өкпе бұзылыстары, сепсис, іріңді перитонит
- Операция жасаған кездегі қауіп қатерлер:
- Жалпы инфекционды аурулар
- Жақында өткізілген ашық операциялар
- Қандағы бұзылыстар
- Кеш пайда болған жүктілік
- Семірудің соңғы сатысында



Лапароскопияның артықшылығы

Кішігірім тесіктері болады, операциядан кейінгі ауру сезімі болмайды, сондайақ төсек режимін сақтауды қажет етпейді, өзін өзі жақсы сезіну мен жұмысқа қабілеттігі тез қалыптасады. Лапароскопиядан кейінгі госпитализация 2-3 күннен артық емес, қансырау, тіннің жарақаттануы, асқынулар аз, сондайақ диагностикада қолданылады, ағзалар операцияға дейінгі қалыпта болады

Қорытынды.

- Гишпрут ауруында радикальды операция жасауға мүмкіндік береді, жуан ішектің минимальды жарақатымен.
- Лапароскопия тік ішектің артррезиясында жақсы функциональды нәтиже береді.
- Тоқ ішектің видеоассистерлік операциясында лапароскопияны қолдану ішектердің жабысуларын болдырмайды, операциялық жарақаттарды төмендетеді, баланың стационарда болуын азайтады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Интернет: www.google.ru
- А.А.Дюсембаев, К.С.Ормантаев Балалар хирургиясы, Алматы 2008
- Ю.Ф.Исакова Хирургические болезни у детей, Москва 1998
- Хирургические болезни.- Учебник под ред. акад. М.И. Кузина.- Москва, 1986

